

Аң аулау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 20 мамырда № 11091 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 57) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Аң аулау қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:
 - 1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;
 - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін атқарушы

C. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
_____ А. Сәрінжіпов
2015 жылғы "___" ____
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі
_____ К. Қасымов
2015 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін аткарушысының
2015 жылғы 27 ақпандасы
№ 18-03/157 бұйрығымен
бекітілген

Аң аулау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескеरту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Аң аулау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау тәртібін және мерзімін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әуесқойлық (спорттық) аң аулау – спорттық, эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында және олжаланған өнімді жеке пайдалану үшін аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау;

2) кәсіпшілік аң аулау - кәсіпкерлік қызмет мақсатында аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау;

3) ұлттық аң аулау – аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдаланып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

3. Аң аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік аң аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау.

4. Заңның 33-бабына аң аулау құқығына:

1) егер аң аулау атыс қаруын қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;

2) егер аң аулау осы Қағидаларда рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған;

3) "Аңшы, балықшы және қорықшы қуәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы

2 ақпандағы № 60 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16463 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша аңшы күәлігі (бұдан әрі – аңшы күәлігі) болған;

4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) 1-қосымшада көзделген нысан бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат (бұдан әрі – жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат) немесе "Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпанды № 18-03/145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10702 болып тіркелген) 1-қосымшада көзделген нысан бойынша аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасын алған жағдайда жеке тұлғалар ие болады.

Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шарты, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат, жолдама алу, сондай-ақ ішкі істер органдары аңшылық атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге берген қорытынды негізінде туындайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Аңшылық олжаларын жинау мақсатында жануарлар дүниесінің обьектілерін алу кезінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аң аулау хаттамасы және осы Қағидаларға 2-9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жануарлар түрлеріне олжалау парактары толтырылады.

6. Аң аулау кезінде аңшылық алқаптарда тұрмыстық және кәсіпшілік қалдықтарымен, тастанды заттармен ластамау бойынша тазалық сақталады.

2-тарау. Аң аулауды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кәсіпшілік аң аулау аңшыда мынадай құжаттар:

- 1) аңшы күәлігі;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат немесе аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы;

3) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүргуге рұқсат;

4) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/144 бүйрығымен бекітілген Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10651 болып тіркелген) 2-қосымшада көзделген нысан бойынша аңшы жыртқыш құстың паспорты (бұдан әрі – аңшы жыртқыш құстың папорты);

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарт;

6) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауланған жануарларды есепке алу журналы (кәсіпшілік журналы) болған кезде жүзеге асырылады.

Ұжымдық (топтық) кәсіпшілік аң аулау кезінде аңшылық шаруашылығының субъектісі жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамды тағайындауды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Өуесқойлық (спорттық) аң аулау аңшыда мынадай құжаттар:

- 1) аңшы қуәлігі;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат;
- 3) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;

4) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүргуге жеке тұлғаларға берілген рұқсат;

5) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – аушы жыртқыш құстың паспорты болған кезде жүзеге асырылады.

Тұяқты жануарлар мен аюды ұжымдық (топтық) өуесқойлық (спорттық) мақсатта аулау кезінде жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты пайдалануға жауапты аңшының деректері оның бет жағына, ал қалған қатысушылардың деректері олардың аңшы қуәліктерінің нөмірлері көрсетіліп, аңшылық субъектісінің жолдамасында белгіленеді.

9. Аңшылық шаруашылығында ұя салатын үйректердің аталығын, көктемгі аң аулауды жүргізу кезінде жыныстық жағынан өзгеруі анық байқалатын үйректердің аталық түрлерін олжалауды аңшы алдамшы үйрек немесе тұлыш болған кезде жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 02.04.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

10. Тұяқты жануарларды, қоңыр аюды олжалау аңшылық шаруашылығының тиісті субъектісі қорықшысының қатысуымен, ал резервтік қордың алқаптарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 02.04.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тұяқты жануарларды, қоңыр аюды, ал көктемгі аң аулауда аталау үйректерді, саңырау құр, құр және жылқышы аталақтарын олжалау туралы белгіні осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген тұлғалар, жануарлардың басқа түрлерін тікелей атып алғаннан кейін - күн сайын аң аулау аяқталғаннан кейін не келесі аң аулау орнына ауысқан кезде сол күні қорықшы немесе ол болмаған кезде аңшылық өзі жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатында, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде – кәсіпшілік журналына жасайды.

12. Қасқырларды, шибөрілерді, қарғаларды, сауысқандарды, тағандарды, қаңғыбас иттерді аулау (атып алу) кезінде жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат талап етілмейді:

1) жануарлар дүниесін қорғауды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдалана және авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолдана отырып жүзеге асырған;

2) жануарлардың басқа түрлерін аулау (авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданбай) аң аулауға берілген жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаты қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жүргізілген кезде жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат талап етілмейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 02.04.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Аң аулау:

- 1) ойық ұнғылы атыс қаруын (құстардан басқа);
- 2) тегіс ұнғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 мм аспайтын атыс қаруын;
- 3) аралас (ойық және тегіс ұнғылы), оның ішінде алмалы-салмалы және жиналмалы ойық ұнғылы атыс қаруын;
- 4) өзі аулайтын құралдарды (қапқандарды, тұзақтарды, салмақты қысқышты, қаусырманы);
- 5) аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолдана отырып, жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Аңшылық иттерді жолдаманың қолданылу аумағынан тыс жерде іздеу және шақыру кезінде аңшы оғы алынған және қапталған аңшылық атыс қарумен болады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Жолдаманың қолданылу аймағынан тыс жерде жараланған тұяқты жануарлардың, аю мен қасқырлардың ізіне тұсу және оларды жинап алу аңшылық алқаптарында жараланған жануар бар аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасының келісімімен жүзеге асырылады.

16. Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау аралығындағы үзілістерде, бір жерден екінші жерге көшкен кезде, аңшы аңшылық атыс қаруын оғы алынған күйге келтіріледі

Мылтық қарудың оқ ұясында және оқшантайында оқ болмаған кезде оғы алынып тасталған болып есептеледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Ен салынған (сақина, микрочип салынған) құстарды немесе сұтқоректілерді олжалау кезінде олжалаудың күні мен орны көрсетілген ақпарат, сақина, микрочип және басқа да белгілер кейіннен ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға беру үшін аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасына немесе Ведомствоның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

18. Заңның 38-бабының 5-тармағына сәйкес мына жағдайларда:

1) аңшы қуәлігінсіз;
2) атыс қаруын сақтау мен пайдалану құқығын беретін ішкі істер органдары рұқсатынсыз атыс қаруын қолданып;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/144 бұйрығымен бекітілген аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алууды жүргізу және тіркеу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10651 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен);

4) аң аулау ережелерінде қолданылуы көзделмеген аулау құралдарын пайдаланып;
5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта;
6) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;

7) елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда аң аулау ережелеріне сәйкес аңшылық атыс қаруын қолдану қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейтін қашықтықта;

8) үекілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;

9) күйзелісті және дәрменсіз жағдайдағы жануарларды (дауылдан, су тасқынанан, өрттен бас сауғалағандарды, су тоғандарынан өту кезінде, көктайғақ кезінде, аштықтан әлсірегендерді, жусанды панаған суда жүзетін құстарды);

10) қозғалтқышы іске қосылған авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы, шағын көлемді кемелерді, түнде көру аспаптарын, лазерлік нысанан көрсеткіштерді, жарық беру және дыбыс шығару аспаптарын қолдана отырып, әуесқойлық (спортық) мақсатта;

11) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында;

12) егін орағы аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақты қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

14) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, ондатрага атыс қаруын қолданып;

15) аңшылық иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;

16) өзен құндызы тұрғызған бөгетті бұзып;

17) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін қозғалтпауга және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

18) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;

19) тегіс ұнғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған ойық жиналмалы (қосалқыларды) ұнғыны қолданып;

20) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;

21) өздігінен атылатын қаруларды, қысқыштарды, қаусырмаларды, қапсырмаларды, кескіштерді қолданып; тұзактар құрып, аулау орларын қазып; адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, наизаларды, құс желімін орнату жолымен, тұтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған қамысқа айдан шығарып, қоңыр аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

22) торларды қолданып; су құю арқылы іннен шығарып (үәкілетті органның ведомствосымен келісу бойынша жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау, будандастыру немесе еріксіз ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

23) дала кеміргіштерін құрту кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа да аурулары болған жағдайларда улы химикаттар және басқа да химиялық препараттар қолдануды қоспағанда, жарғыш құрылғыларды, улы химикаттарды және басқа да химиялық препараттарды қолданып;

24) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілген жануарлар санынан асырып;

25) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілмеген жануарлардың басқа түрлерін;

26) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;

27) аулап алу объектісі болып табылатын жануарлар түрлеріне, басқа елдерден әкелінген жыртқыш қыран құстарды пайдалана отырып;

28) ереккүйрекке көктемгі аң аулау кезінде еліктіруші үйрексіз немесе тұлышсыз;

29) тұяқты жануарларды және қоңыр аюды аулау кезінде қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың еріп жүруінсіз;

30) әуесқойлық (спортық) мақсатта сұырға калибрі бес бүтін оннан алты миллиметрлік бүйірден (сақиналы) тұтандырғыш патронды ойықты қару қолданып;

31) тыныштық сақтау аймақтарында және өсімін молайту участеклерінде аң аулауға тыйым салынады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 01.06.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Жануарлардың популяцияларын сақтау, олардың өсімін молайтуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және шаруашылық пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасында осы Қағидаларға 11-қосымشاға сәйкес аң аулауды жүргізу мерзімдері (бұдан әрі – аң аулауды жүргізу мерзімдері) белгіленеді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері аң аулауды ашу туралы және оны осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген аң аулауды жүргізуіндегі белгіленген мерзімдерінен күнтізбелік 15 күнге дейін неғұрлым ерте немесе неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.11.2018 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аң аулау қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Аң аулау хаттамасы

Hunting protokol

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 01.06.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аңшының тегі мен аты әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Hunter's Name

Мекенжайы _____

Address

20 ___ жылғы "___" ____ қауіпсіздік техникасымен және аң аулау ережесімен таныстым

With the hunting rules and safety precautions is acquainted

/Аңшының қолы/

/Hunter's signature/

Аң аулау өткізілетін орын _____

Hunting area

Аң аулауды өткізу уақыты:

20 ___ жылғы "___" ____ бастап

20 ___ жылғы "___" ____ дейін ____ аң аулау күні

The hunting time: starting from till days of hunting

Аң аулаудың нәтижелері/ Results of hunting

Күні/Date	Ауланған жануар түрі/Animal's species	Саны /Quantity	Олжаның сапасы (мүйіздерінің, бас сүйегінің, азу тістерінің мөлшері мен салмағы, терісінің көлемі және басқа)/Quality of trophy (dimensions and weight of horns, skull, fangs, size of skin, etc.)
	Орысша	In English	

Осы аң аулау хаттамасымен келісемін және аңшылық шаруашылығы ұйымына шағымым жоқ

(бар, олар мынадай)/I agree with this hunting protocol and have no claims to the hunting enterprise

(I have, they as follows): _____

Аңшының аты тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ / _____ /
Hunter

Аң аулау басшысы аты тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ / _____ /
Hunting manager

Аңшының мүддесін білдіретін тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда) / /

Hunter's representative body

Аңшылық шаруашылығы субъектісінің басшысының аты, тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда) / /

Head of hunting enterprise

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Аң аулау қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Асканий бұғысының мүйізіне арналған олжалау парагы

Аңшы

(тип) атында

АТЫШ АЛУ КУНІ 20 ҚЫЛАНЫ " " "

Атын алу күні 20 __ жылды _____
Атын алу орны (аңызыңын шаруашылығы)

Атын атту орны (аңшылғық шаруашылықты)_____

Жануардың жасы Олжаның бағадау

Багалау көрсеткіштері	Өлшеме нәтижелері	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Мүйіздің ұзындығы, сантиметр: оң жақтағы сол жақтағы					
2. 1) Көз үстіндегі алғашқы қосымша бұтақшалардың ұзындығы, сантиметр: оң жақтағы сол жақтағы 2) Көз үстіндегі екінші қосымша бұтақшалардың саны (әр жағынан бір-бірден, дана)					
3. Тәж астындағы қосымша бұтақшалардың ұзындығы, сантиметр: оң жақтағы сол жақтағы					
4. Ашаның шенбері: оң жақтағы сол жақтағы					
5. Көз үстіндегі қосымша бұтақшалардан жоғары тұрған мүйіз шенбері: оң жақтағы сол жақтағы					
6. Тәжден төмен тұрған мүйіз шенбері: оң жақтағы сол жақтағы					
7. Мүйіздер алшақтығы					
8. Мүйіздер салмағы, килограмм					

9. Қосымша бұтакшалар саны, дана: оң жақтағы мүйізде сол жақтағы мүйізде				
10. Тәж пішіні қарапайым, 12-16 сантиметрден 6 қосымша бұтакша				
11. Мүйіздердің түр-түсі ашық				
12 . Түйіршіктілігі мен ізділігі: ізі і р і , түйіршіктілігі орташа				
13. Қосымша бұтакшалар шеттерінің түр-түсі ак				
Балдар сомасы Ақаулары үшін шегерім Ақаулар жоқ				
Тұпкілікті бағасы				

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Бағамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қагидаларына
3-қосымша

Нысан

Құдыр бас сүйегіне арналған олжалалау парагы

Аңшы _____

(түрі) атып алды

Атып алу күні 20 ____ жылғы "____" _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Балл
1. Бас сұйектің ұзындығы, сантиметр		
2. Бас сұйектің ені, сантиметр		
3. Азу тістің ұзындығы, сантиметр оң жақтағы сол жақтағы		
Түпкілікті бағасы		

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Бағамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Марал мүйізіне арналған олжалау парагы

Аңшы

(түрі) атып алды

Атып алу күні 20 __ жылғы "___" ____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Мүйіздердің ішкі алшақтығы	Оң жақтағы мүйіз	Сол жақтағы мүйіз	Балл айырмасы (шегерім)
1. Мүйіздер ұзындығы, сантиметр				
2. Бірінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, сантиметр				
3. Екінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, сантиметр				

4. Ушінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, сантиметр			
5. Төртінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, сантиметр			
6. Бесінші қосымша бұтақшаның ұзындығы, сантиметр			
7. Бірінші және екінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шенбері			
8. Екінші және үшінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шенбері			
9. Ушінші және төртінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шенбері			
10. Төртінші және бесінші қосымша бұтақшалар арасындағы мүйіз шенбері			
11. Мүйіздердің ішкі алшақтығы			
Жиыны Балл сомасы Шегерім			
Түпкілікті бағасы, балл			

Қосымша көрсеткіштер	Оң жақтағы мүйіз	Сол жақтағы мүйіз	Өлшеу нәтижелері
12. Мүйіздер шеттерінің арасындағы қашықтық, сантиметр			
13. Мүйіздердің ең үлкен алшақтығы, сантиметр			
14. Қосымша бұтақшалар саны, сантиметр			

15. Кемістігі бар барлық
қосымша бұтакшалардың
жалпы ұзындығы,
сантиметр

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Бағамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Қабанның азу тісіне арналған олжалалау парагы

Аңшы

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20 ____ жылғы "____" ____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеме нәтижелері, см	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Төменгі азу тістің ұзындығы сантиметр: он жақтағы сол жақтағы					
2. Төменгі азу тістің ені, милиметр: он жақтағы сол жақтағы					
3. Жоғарғы азу тістің шенбері, сантиметр: он жақтағы сол жақтағы					
Балл сомасы Ақаулары үшін шегерім Үстеме					

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Бағамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қағидаларына

6-қосымша

Нысан

Сібір елгінің мұйізіне арналған олжалау парагы

Аңшы _____

(түрі) атып алды.

Атып алу күні 20 ____ жылғы " ____ "

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеме нәтижелері	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Мұйіздің ұзындығы: он жақтағы сол жақтағы					
2. Мұйіздердің алшақтығы					
3. Бас сүйегімен құрғак мұйіздердің салмағы, бас сүйекке шегерім , грамм					
4. Мұйіздер көлемі, сантиметр куб					
5. Мұйіздердің түр-түсі					
6. Төмпешіктігі					
7. Ашалар					
8. Қосымша бұтақшалардың ұшкірлігі Бағалау көрсеткіштері					

Балл сомасы: Мүйіздің әдемілігі үшін үстеме қосымша бұтақшалардың ассиметриялылы ғы үшін шегерім				
Тұпкілікті баға				

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Бағамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Бұлан мүйізіне арналған олжалау парагы

Аңшы

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20 ____ жылғы "____" _____

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшемдер нәтижелері	Сомасы	Орташа көлем	Коэффициент	Балл
1. Мүйіздің шешебері, сантиметр он жақтағы сол жақтағы					
2. Мүйіздер алшақтығы, сантиметр					
3. Күрекшениң ұзындығы, сантиметр он жақтағы сол жақтағы					
4. Күрекшениң ені					

оң жақтағы сол жақтағы				
5. Барлық қосымша бұтақшалардың жапы ұзындығы, санитиметр				
6. Қос мүйіздегі қосымша бұтақшалар саны				
Балл сомасы Мүйіздердің жуандығы мен әдемілігі үшін үстеме Қосымша бұтақшалардың ұзындығындағы айырма үшін және мүйіздердің ассиметриялылы ғы үшін шегерім				
Түпкілікті бағасы				

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Багамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қагидаларына

8-қосымша

Нысан

Сібір тау текесіне арналған олжалау парагы

Аңшы _____

(түрі) атып алды.

Атып алу күні 20 ____ жылғы " ____ "

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Сомасы	Орташа мөлшері	Коэффициент	Балл
1. Мүйіздің ұзындығы, сантиметр он жақтағы сол жақтағы					
2. Мүйіздің шенбері он жақтағы сол жақтағы					
3. Мүйіздердің алшақтығы, сантиметр					
Үстемелер: мүйіздердің тұр-түсі қоныр кедір-бұдырылыл ығы (сакиналар саны) орташа симметриялылығы					
Түпкілікті бағасы					

Аң аулау басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Багамен келісемін _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қағидаларына

9-қосымша

Нысан

Жыртқыш андар: қоныр аю, қасқыр, сілеусінбас сүйектеріне арналған олжалау парагы

Аңшы

_____ (түрі) атып алды.

Атып алу күні 20 ____ жылғы " ____ "

Атып алу орыны (аңшылық шаруашылығы) _____

Жануардың жасы/салмағы _____

Олжаны бағалау

Бағалау көрсеткіштері	Өлшеу нәтижелері	Балл
-----------------------	------------------	------

1. Бас сүйегінің ұзындығы, сантиметр	
2. Бас сүйегінің ені, сантиметр	
Тұпкілікті бағасы	

Аң аулау басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орыны

Бағамен келісемін _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Аң аулау қағидаларына

10-қосымша

Нысан

Ауланған жануарларды есепке алу журналы

(кәсіпшілік журнал)

(жануарлар дүниесін пайдалануышының атауы)

(бригадирдің, басқа жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса))

Аулаған күні	Аңшылық шаруашылығының және (немесе) участкениң атауы	Пайдаланылған аулау күралдарының түрлері және саны	Аңшылардың саны	Аулау көлемі, дарап	Жануарлардың түрлері	Жіберу күні, жүккүшаты № автокөлік №	Аңшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
1	2	3	4	5	6	8	10

Аң аулау қағидаларына

11-қосымша

Нысан

Аң аулауды өткізу мерзімдері

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 27.05.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

Жануарлар түрлері	Аң аулау мерзімдері
Су тышқан (ондатра)	1 қазан – 15 ақпан
Кәдімгі тиін	20 қазан – 15 ақпан
Қарсақ, тұлқі, бұлғын, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, аккіс, сары күзен, сасық күзен, американ су күзені,	1 қараша – 15 ақпан (аң аулайтын ит түрлерімен және аушы жыртқыш құстармен қарсақ, тұлқі және

кәмшат (ортаазиялықтан басқасы), сілеусін (түркістандықтан басқасы), жанат, қоян (ақ қоян, оп қоян)	қоян аулау солтүстік аймақта** 15 қазаннан бастап аулау)
Құм қоян	1 қарашадан бастап – 31 қантарды қос алғанда
жанат тектес ит	1 қыркүйектен үйқыға жатқанға дейін
Зорман (сары тышқан)	үйқыдан шықканнан бастап – 30 сәуірге дейін
Суырлар*	5 маусымнан бастап үйқыға жатқанға дейін онтүстік аймақта*** 15 маусымнан бастап үйқыға жатқанға дейін солтүстік аймақта**
Шалшықшылар, жылқышы	1 шілдеден бастап 30 қарашага дейін (аталық жылқышыны көктемгі аулауга 1 наурыз – 30 сәуір кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Бөдене, кептер, түркептер	20 тамыздан бастап 30 қарашага дейін (аң аулайтын иттермен және аушы жыртқыш құстармен 15 шілдеден бастап ұшып кеткенге дейін бөдене аулау)
Маймақаз, қаз*, қарашаказ, үйрек*, касқалдақ	Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары – тамыздың соңғы сенбісінен 30 қарашага дейін Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстар қыркүйектің бірінші сенбісінен бастап 15 желтоқсанға дейін. Атырау облысы – 15 қыркүйектен 15 желтоқсанға дейін. Манғыстау, Түркістан облыстары – қыркүйектің екінші сенбісінен – 31 желтоқсанға дейін (аталық үйректерді көктемгі аулауга 1 наурыз – 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Шіл (аққұр, тундралық, сұр, далашілі, сақалдышіл), шіл	қыркүйектің алғашқы сенбісінен – 30 қарашага дейін
Күр	15 қыркүйектен – 30 қарашага дейін (аталық құрларға көктемгі аулауга 10 сәуір – 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Қоңырау (тянь-шанъауынан басқа)	қыркүйектің алғашқы сенбісінен – 30 қараша аталақтарымен қысыр қалған аналықтарын көктемгі аулауга 15 сәуір – 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі . (халықтың денсаулығы мен өміріне қатер төнген, материалдық залал келтірген жағдайда, уәкілетті органның және жерілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдарының аң аулау мерзімдеріне қарамастан қоңыр аюды атуына жол беріледі)
Борсық	15 қыркүйектен – 31 қарашага дейін
қабан, құдыр	қыркүйектің алғашқы сенбісінен – 31 желтоқсан
Сібір елігі, сібір тау ешкісі, марал, аскания бұғысы, бұлан	15 шілдеден аталақтарына, 15 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін аналық пен төлдерге

Саңырау құр	1 қазан – 30 қараша атальқтарын көктемгі аулауга 10 сәуірінен – 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Гималай ұлары, кекілік	15 қазан – 31 желтоқсан
Құндыз	15 қыркүйектен – 30 қараша
Қыргауыл	15 қараша – 31 желтоқсан

Ескертпе:

* – Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа.

** – солтүстік аймақ: Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының Осакаров, Бұқар жырау, Нұра, Қарқаралы, Абай аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Құршім, Көкпекті, Катонқарағай, Жарма, Ұлан, Абай, Зырян, Глубокое, Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарағай аудандары, сондай-ақ Семей және Риддер қалаларының әкімшіліктеріне бағынысты жерлер.

*** – оңтүстік аймақ: Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Манғыстау, Түркістан облыстары, Қарағанды облысының Жанаарқа, Шет, Ақтогай, Ұлытау аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Тарбағатай, Зайсан, Үржар аудандары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК